

Ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсken ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 7-1/351 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2015 жылды 22 мамырда № 11113 тіркелді.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсken ақшаны жұмсау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Каржы министрі

Б.Сұлтанов

2015 жылғы 21 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2015 жылғы 20 сәуірдегі  
№ 7-1/351 бүйрүгімен  
бекітілген

**Ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды  
(жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы  
қызмет түрлерін көрсету және олардың (жұмыстарды, көрсетілетін  
қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабына сәйкес әзірленді және ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың қолданысы "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 11-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес құрылған ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелерге таралады.

**2. Ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды  
(жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы  
қызмет түрлерін көрсету және олардың (жұмыстарды, көрсетілетін  
қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау тәртібі**

3. Ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлері Заңың 35–бабы 2–тармағының 4) және 5) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелер мекеменің аумағында (үй-жайында) арнайы бөлінген жерде мынадай ақпаратты орналастырады, сондай-ақ бұқаралық ақпарат қуралдарында және интернет-ресурста жариялады:

1) ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелер көрсететін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) олардың ұсыну мерзімін көрсете отырып, өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерінің тізбесі;

2) қажетті құжаттардың тізімі (шарттар, түбіртектер, шот-фактуралар, жүккүжаттар, көрсетілген қызметтердің/орындалған жұмыстардың актілері, фискалдық чектер), ұсынылатын тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) арналған баға преискуранты.

5. Ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке және занды тұлғалардың өтініші негізінде өз қызметіне сәйкес келетін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетеді.

6. Өтінішті және осы Қағидалардың 4—тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қажетті құжаттарды қабылдауды мемлекеттік мекеменің жауапты адамы жүзеге асырады.

7. Өтінішті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушіге қабылдау туралы талон бере отырып, мемлекеттік мекеме тіркейді.

8. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлері мемлекеттік мекемеде белгіленген күн тәртібіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын ұсынылады.

9. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін ұшін оларды толтыру ұлгілері бар стенділермен жабдықталған құжаттарды толтыруға арналған орындар жасалады.

10. Қолма-қол ақша арқылы жүзеге асырылатын жеке және занды тұлғалармен есеп айырысу мемлекеттік мекемелердің кассалары арқылы міндettі түрде фискалдық жадысы бар кассалық-бақылау машинасын қолданып және клинентке бақылау чегін бере отырып жүргізіледі, ақшасыз есеп айырысу мемлекеттік мекемелердің ағымдағы "Ақылы қызметтерден түсетін қаражат" шоғына аудару арқылы жүзеге асырылады.

11. Ақылы түрде тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) алған жеке және занды тұлғаларға мемлекеттік мекеме шот-фактура ұсынады.

12. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін қаражатқа салық салу тәртібі және салықтар мен алымдар бойынша жеңілдіктер беру Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

13. Ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелер тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуден алған қаражат:

1) ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру және ақылы қызмет түрлерін көрсету үшін мемлекеттік мекеменің және оның филиалдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, жарақтандыруға және ұстауға, негізгі құралдарды сатып алуға және жөндеуге;

2) ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру және ақылы қызмет тұрларін көрсету үшін мемлекеттік мекеменің филиалдарының қызметкерлеріне арналған арнайы киімдер мен арнайы қорғаныс құралдарын сатып алуға;

3) ветеринариялық іс-шараларды жүзеге асыру және ақылы қызмет тұрларін көрсету үшін дегельминтизация, дезинфекцияға, дезинсекцияға және дератизацияға арналған ветеринариялық препараттарды арнайы ветеринариялық құралдарды, материалдарды сатып алуға;

4) ветеринария саласындағы мемлекеттік мекемелердің және олардың филиалдарының қызметкерлерін енбек көрсеткіштері үшін көтермелеге жұмсалады.

Ветеринария саласындағы  
мемлекеттік мекемелердің  
тауарларды (жұмыстарды,  
көрсетілетін қызметтерді)  
өткізу бойынша ақылы қызмет  
турларін көрсету және олардың  
(жұмыстарды, көрсетілетін  
қызметтерді) өткізуден түскен  
ақшаны жұмсау қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

(ветеринария саласындағы мемлекеттік

мекеменің атауы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

ЖСН/занды тұлғаның атауы, БСН)

Мекенжайы: \_\_\_\_\_

## Өтініш

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу

бойынша мынадай ақылы қызмет тұрларін көрсетуді сұраймын \_\_\_\_\_

Мынадай құжаттарды қоса беріп отырмын: \_\_\_\_\_

Байланыс телефоны \_\_\_\_\_ e-mail \_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы)

Косымша: \_\_\_\_\_ парақта 1 данада \_\_\_\_\_

Ветеринария саласындағы  
мемлекеттік мекемелердің  
тауарларды (жұмыстарды,  
көрсетілетін қызметтерді)  
өткізу бойынша ақылы қызмет  
түрлерін көрсету және олардың  
(жұмыстарды, көрсетілетін  
қызметтерді) өткізуден түскен  
акшаны жұмсау қагидаларына  
2-косымша

Нысан

### **Өтінішті қабылдау туралы талон**

(ветеринария саласындағы мемлекеттік мекеменің атауы)

(занды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Өтініштің тіркелген нөмірі және қабылдау күні \_\_\_\_\_

Ақылы негізде көрсетілетін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша қызметтің түрі \_\_\_\_\_

Қоса берілген құжаттардың саны және атаулары \_\_\_\_\_

Косымша: \_\_\_\_\_ парақта 1 данада \_\_\_\_\_

Құжаттар 20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қабылданды

Кіріс нөмірі \_\_\_\_\_

Корытынды алынған күн \_\_\_\_\_

(қолы) (өтінішті қабылдаған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)